

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 31 қазандағы № 1110 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 қарашада № 30373 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алуы заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Каржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 31 қазандағы  
№ 1110 бұйрыққа  
қосымша

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығында (

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12590 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында:

осы тізбеке 1-қосымшаға сәйкес көрсетілген Қағидаларға 12-қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 521 бұйрығында (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18768 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Занының 31-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДЫЛЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі осы тізбеке 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 798 бұйрығында (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19121 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі осы тізбеке 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығында (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25488 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларында:

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері санаттарына жататын

тауарларды және сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етуді және осы тауарларды уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сатып алу бойынша тендер алдын ала біліктілік іріктеуді қолдана отырып жүргізледі.

Алдын ала біліктілік іріктеуден өтудің шарты әлеуettі өнім берушінің тауары электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастырытын сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде болуы болып табылады.

Тауарлары осы Қағидалардың 153-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастырытын сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде бар әлеуettі өнім берушілер арасында жүзеге асырылған сатып алу өткізілмеді деп танылғанда, тапсырыс беруші осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өзге әлеуettі өнім берушілер арасында сатып аруды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 153-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастырытын тауарларды сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде жүзеге асырылған әлеуettі өнім берушілер арасында сатып алу өткізілмеді деп танылғанда, сатып алу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен осы тендерге қатысуға өтінім ұсынған әлеуettі өнім берушіден бір көзден жүзеге асырылады.";

247 және 248-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"247. Сенімді бағдарламалық қамтылым тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімінің санаттарына жататын тауарларды және сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етуді және осы тауарларды уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сатып алу алдын ала біліктілік іріктеуді қолданыла отырып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізледі.

Әлеуettі өнім берушінің тауарларының электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастырытын сенімді бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде болуы алдын ала біліктілік іріктеуден өтудің шарты болып табылады.

248. Тауарлары және осы тауарларды уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтері осы Қағидалардың 284-тармағында көзделген негіз бойынша электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастырытын сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде орналасқан әлеуettі өнім берушілер арасында жүзеге асырылған

сатып алу өткізілмеді деп танылғанда, тапсырыс беруші осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өзге әлеуettі өнім берушілер арасында сатып аруды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 283-тармағында көзделген негіз бойынша электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын тауарлары сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде жүзеге асырылған әлеуettі өнім берушілер арасында сатып алу өткізілмеді деп танылғанда, сатып алу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен осы тендерге қатысуға өтінім ұсынған әлеуettі өнім берушіден бір көзден жүзеге асырылады.".

Қазақстан Республикасы  
Каржы министрлігінің  
өзгерістер енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша

Мемлекеттік сатып  
алуды жүзеге асыру  
қағидаларына  
12-қосымша

### Білікті әлеуettі өнім берушілердің тізбесіне қосу шарттары

	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атавы	Тізбеге қосу шарттары	Ескертпе
№	Сенім білдірілген бағдарламалық қамтамасыз етудің және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізілген, бағдарламалық қамтамасыз етуге және электрондық өнеркәсіп өнімінің санатына (акпараттандыру объектілерінің сыйынтаушыларына сәйкес) жататын тауарлар, сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етуді және электрондық өнеркәсіп өнімдерін уақытша пайдалану жөніндегі акпараттық-коммуникациялық қызметтер.	Әлеуettі өнім берушінің бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері акпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын сенім білдірілген бағдарламалық қамтамасыз етудің және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде болуы және осы Қағидаларда белгіленген біліктілік талаптарға сәйкестігі.	Әлеуettі өнім берушінің көрсетілген талапқа сәйкестігі сенім білдірілген бағдарламалық қамтамасыз етудің және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімін қалыптастыратын, акпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның деректерінің негізінде веб-порталда автоматты түрде айқындалады.

Каржы министрлігінің  
өзгерістер енгізілетін кейір  
бұйрықтарының тізбесіне  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Каржы министрлігінің  
2019 жылғы 31 мамырдағы  
№ 521 бұйрығымен  
бекітілген

**Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу  
жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі**

№	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы
1.	Сенім білдірілген бағдарламалық қамтамасыз етудің және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізілген, бағдарламалық қамтамасыз етуге және электрондық өнеркәсіп өнімінің санатына (ақпараттандыру объектілерінің сыйыптаушытарына сәйкес) жататын тауарлар және осы тауарларды уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтер.

Ескертпе:

1. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 31-бабының 1-тармағына сәйкес олар бойынша мемлекеттік сатып алу алдын ала біліктілікті іріктеуінде отырып конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша мемлекеттік сатып алушы өткізу Заңының 39-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

2. Алдын ала біліктілік іріктеуі бар конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылғанда, тапсырыс берушілер мұндағы мемлекеттік сатып алушы Заңының 13-бабында айқындалған өзге де тәсілдермен жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы  
Каржы министрлігінің  
өзгерістер енгізілетін кейір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Каржы министрлігінің

2019 жылғы 29 шілдедегі

№ 798 бұйрығымен

бекітілген

**Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру тәсілін үекілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі**

№	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру тәсілі
1.	Сенім білдірілген бағдарламалық қамтамасыз етудің және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізілген, бағдарламалық қамтамасыз етуге және электрондық өнеркәсіп өнімінің санатына (акпараттандыру объектілерінің сыныптауыштарына сәйкес) жататын тауарлар және осы тауарларды уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтер.	(Алдын ала біліктілік іріктеумен жүргізілетін конкурс
2.	Кұрылым-монтаждау жұмыстары.	Конкурс
3.	Техникалық-экономикалық негізdemenі, жобалау-сметалық (ұлгілік жобалау-сметалық) және қала құрылышы жобалары құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар.	Конкурс
4.	Объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстар.	Конкурс
5.	Сәулет, қала құрылышы және құрылым қызметі саласында инженерингтік қызметтер (техникалық қадағалау, жобаны басқару).	(Конкурс